

**Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии**

**МӘНГІЛІК ЕЛ – ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЕ
ЕДИНСТВО, МИР И СОГЛАСИЕ**

*Материалы - Международной
научно-практической конференции
(г. Астана, 2017г.)*

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

М 36

Ответственный научный редактор Нечаева Е.Л.

К.п.н., профессор

Редакционная коллегия:

Копежанова Д.Е., Дюсембекова М.К., Жанпейсова Қ.Д.

Мәңгілік Ел – Общенациональное единство, мир и согласие: сбор.матер. VI-
Межд. науч.-прак. конф.– Астана, ТОО Мастер По, 2017.- 174 с.

ISBN 978-601-301-928-4

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов казахстанских и зарубежных вузов.

В нем рассматриваются ключевые аспекты социальных и политических процессов Евразийской интеграции, социально-коммуникативные технологии и инновационные процессы в обществе.

В материалах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение Закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций и научные руководители.

УДК 378:327(063)

ББК 74.58+66.4

ISBN 978-601-301-928-4

**© Кафедра политологии
ЕНУ им.Л.Н. Гумилева, 2017**

Новая философия формирования молодежной государственной политики Казахстана исходит из современных реалий. Приоритетными для молодежной государственной политики Казахстана должны стать: раскрытие индивидуальных способностей молодежи к выполнению общественно значимых социальных ролей; выработка позитивного отношения молодежи к браку, подготовке молодежи к семейной жизни, материнству; развитие новых досуговых практик, влияющих на интеллектуальное, нравственное самочувствие современной молодежи.

Данная задача может быть выполнена только в результате продуманной целостной государственной молодежной политики, разработанной на основе выявления основных закономерностей процессов, происходящих в молодежной среде, их анализа и обобщения, научных выводов и рекомендаций

Список литературы:

1. Закон Республики Казахстан О государственной молодежной политике в Республике Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V
2. <http://www.kazpravda.kz/news/obshchestvo/tsennostnie-orientatsii-kazahstanskoj-molodezhi/>
3. А.Әлімұлы «Ұлттық идеологияны ұлттық интеллигенция қалыптастырады» Төртінші билік / Республикалық қоғамдық-саяси, ақпараттық-жарнамалық апталық басылым/ №18 (260) 29.09.2016 ж.
4. КОНЦЕПЦИЯ государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года «Казахстан 2020: путь в будущее
5. «www.strategy2050.kz».
6. http://www.inform.kz/ru/v-2014-2016-gg-po-programme-s-diplomom-v-selo-v-regiony-otpravitsya-bolee-17-tys-specialistov_a2700667.
7. <http://strategy2050.kz/ru/news/8008/>.
8. <http://kaznews.kz/news/76811>.

**Мұхамбетжанова Н.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Саясаттану» мамандығының 2 курс студенті
г. Астана, Қазақстан**
(Ғылыми жетекші: Ph.D докторы, доцент Копежанова Д.Е.)

ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ. ЕНДІГІ ҰРПАҚ – МӘНГІЛІК ҚАЗАҚТЫҢ ПЕРЗЕНТІ

Даласы– дархан, халқы– кең пейіл қазақ елінің бодандықтан – бостандыққа көшкенге дейінгі ғұмыры қиын қырық сынақтан өтті. Етігімен қан кешіп, небір зұлмат жылдарды бастан кешірген кезі де, батыр бабалардың

батылдығының арқасында келген сәтті шақтары да өткен тарихтың парақтарында айқын сақталған. Қаншама «тар жол, тайғақ кешу» болса да, ұлтымыздың ұлы мұраларын жоғалтпай, бүгінгі ұрпаққа қалдырған кешегі дастаншы, жырау, күйші, аңшы, ісмер аталарымыз бен аналарымыздың аманатына қалайша қиянат жасай аларсың? Керісінше, тарихи тұлғаларымыздың ерен еңбегін халқымызға үлгі етіп, бабалар алдындағы парызымызды өтеуіміз жөнді емес пе? Демек, бұл жолда біз ұлтымыздың тілін, таза дінін, салт-дәстүрін насихаттаймыз! Осы құндылықтарымыз арқылы тарихымызбен рухани байланысымызды қуаттай түсеміз! Рухы биік халықтың қоғамы да осал болмайтынын баршаға танытамыз!

Қазіргі таңда дамыған мемлекеттердегі халықтардың тұрмысы біздің хал-қуатымыздан бірнеше сапаға артып кеткені белгілі. Оларда бұндай жағдай халықтарының рухани біліктілігі артып, материалдық құндылығының жоғарылауына себеп болуынан туындады. Біздің ұрпақ көк сиямен ақ параққа кестелеп жазып жүрген сәтте, дамыған елдің балалары техниканың күшімен қызмет жасай бастады. Біздің балалар мектепке дорба ұстап жүрген кезде, олардың оқушылары мемлекеттерінің стандартына сай оқу құралына ие болды. Алайда, ұлттың ұйытқысы мен болашақ ғұмырының ұзақтығы бір ғана материалдық жағдайға байланысты десем, артық айтқан болар ем. Өйткені, біздің тәуелсіздігіміз асқақ рухымыздың күшімен келді. Жаңа ғасырдың он жылында материалдық жағдайымыз да біраз жоғарылады. Енді тек осы көтерілген биіктіктен әрі қарай озып ұшуымыз қажет.

Ұлттық идея - ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар. Зерттеушілер бұл ұғымның екі қырына баса маңыз береді. Бір жағынан, қауымдастықтың өзін-өзі ұлт деп танып, түйсінуді, екінші жағынан оның ерекше тарихи адамдар қауымдастығы ретіндегі өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары жайлы жалпақ әлемге жар салуы.

Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлының «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел — түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...» — екендігін жазған [1, 20-21 бб.]. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел — мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда. [1]

Саясаттанушы Құбаш Сағидоллаұлының пікірінше, «Мәңгілік ел» идеясы қай заманда да даңқты тарихы бар ұлы көшпенділер империясын әлемдік өркениетпен байланыстырған көпір болып келді. Ол Ұлы Жібек

жолында, ізгілік, кеңпейілділік пен мейірбандық, береке-бірлік сынды жалпыадамдық қасиеттерге ие көшпенді өркениеттің даму жолында жүзеге асты. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ... «Мәңгілік ел» идеясы біздің көне түркілік дүниетанымымызды – болмысымызды, көшпенділер өркениетінің негіздерін заманға лайық қайта жаңғыртудың, еліміздің алдыңғы қатарлы қуатты мемлекет ретінде өркендеуінің кепілі болып табылады. Тәуелсіздіктің келуімен еліміз тари- хи тұрғыда осы идеяны жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. [2]

«Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деді Президент. [3]

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың үндеуіндегі Мәңгілік Ел Идеясын сана елегінен өткізіп, Мәңгілік Елдің Ұрпағы қандай болу керек деген өзекжарды ойға мынадай өзімдік тұжырымдамамыз жасадым:

Біріншіден – әр қазақтың дүниеге келген сәбиі бес жасына дейін дұрыс тәрбие алуы және болашақтың саналы ұрпағы атануы үшін баланың фундаменттік түйсігінің зерек қалыптасуына ата-ананың жауапкершілігі зор болуы керек. Елімізде тастанды балалар болмауы тиіс.

Екіншіден – орта мектептегі оқушының мемлекеттік стандартқа сай білім алуына кедергі болатын мәселелердің барлығын шешу, әр сыныпты заманауи технологиялармен толықтыру және кейбір пәндерге қатысты көрнекіліктердің жеткілікті болуы. Мектептің ішкі заңдылығына сай барлық сынып оқушыларының тәртібін мұғалімнен бұрын, ата-анасы қадағалауы шарт. Ұстаздардың педагогикалық білімімен қоса, психологиялық және ұйымдастырушылық қабілеті көрініп тұруы тиіс. Жаңа ғасырда оқушылардың зертханалық білімі мен дүниетанымын байытқан жөн. Себебі, біздің болашақта әлем қалтарысында қалып қоймай, бәсекеге білім-ғылыммен түсетінімізді Елбасы талай жолдауында атап өтті.

Үшіншіден – Елбасы жолдауында негізгі ойдың салмағын – қазақ халқының үштен бір бөлігін құрайтын , яғни 14-35 жас аралығындағы

еліміздің жастарына артады. Өйткені, жас буын саналы болса – бағың, санасыз болса – сорың екені сөзсіз.

Біздің жастардың өзі бірнеше топқа бөлінеді.

- Студент жастар
- Әскердегі жастар
- Кәсіпкер жастар
- Мемлекеттік қызметтегі жастар
- Жұмыссыз жастар
- Ауылдағы жастар
- Өнерлі жастар
- Спортпен шұғылданатын жастар
- Ғылыммен айналысатын жастар

Міне, осы аталған жастардың жағдайын жасау ең үлкен мәселе болып табылады. Ұлттың айнасы – жастардың рухани болмысы. Кейбір жастар «еліме не берем емес, елім маған не береді» деген ойда болады. Осындайларды ояту тек үкіметтің міндеті емес, ата-ананың да жан айқайына жүктелуі тиіс. Ал, мемлекет оянған жастардың қайтып ұйықтамауы үшін қызмет жасауы керек. Мысалы, үкімет:

✓ оқу ақысын төлей алмаған студенттің жағдайына қарап, жеңілдіктер ұсынуы және оқуын аяқтаған соң жұмысқа орналасуына оқу орнының мекемелермен жәрмеңке ұйымдастыруы;

✓ әскерден келген жасты әрі қарай жатып-ішерге айналмасы үшін қосымша әскери қызметке немесе оқуға орналастыруы;

✓ кәсіпкер жастарға көптеп салық салудан бұрын, шаруамен айналысуына көбірек жәрдемдесуі;

✓ мемлекеттік қызметтегі жастардың әрқайсының өзіндік салалары бойынша тәжірибе алмасуына іс сапарларды, курстарды жиі ұйымдастыруы және олардың тұрмыстық жағдайын зерттеп, пәтермен қамтамасыз етуі;

✓ жұмыссыз жастарға жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша жәрмеңке шараларын жүргізуі;

✓ ауылдағы жастарға (көбіне, уақытша науқандық жұмыстарды атқаратын ауылдағы жастардың тобы) аграрлық саланы дамытудың тиімділігін түсіндіруі және қаржылай қолдауы;

✓ өнертапқыш жастардың арасында байқаулар өткізуі,

✓ салауатты өмір салтын ұстанатын жастардың белсенділігін арттыруымен қоса, әлемдік олимпиадаларға қатынасуына жол ашуы;

✓ дамушы елімізді биік шыңнан көрсететін негізгі саланың жастары – болашақ ғалымдарды үнемі қолдап отыруы секілді маңызды міндеттердің іске асуына көмегін берсе, біраз игі істер орындалады деп ойлаймын.

Өз ойымша, «Мәңгілік Елдің Ұрпақтарына» қалдырар мұра қазақтың деген әр ұрпақтың басты міндеті деп білем. Ол мұраны қалдыру үшін ерте

оқығаныңды түсте шынықтырып, кеште нәтиже шығару керек. Қолдан келер іс болса, Тәңіріміз зейнет жасқа шейін де, одан кейін де ғұмыр берсе, келешек ұрпақтардың әлем халқынан озып өмір сүрсін деген тілегіңді мақсат етіп, ел игілігі үшін аянбай еңбек ету бір парыз емес пе? Біздің қазір түсімізде көріп жүргенімізді, ертең өңіміздегі көрініске айналдыру тек қана өзіміздің қолымызда екенін о бастан ұққанымыз дұрыс.

Әлемде қауіпті ауруларды емдейтін – емхана, ғарыш кемелерін жасап, оны қолданудың озық үлгісін көрсететін – оқу орны, мұнай өнімдерін Менделеев кестесіне сай толық зерттеген – ғылыми-орталық және әлемдік кино түсіруден алдыңғы үштіктен көрініп тұрған – «Қазақ Елі» киностудиясы... Ия, осының бәрі біздің елімізде болуы ғажап емес. Қазір менің қиялым, ертең ұлтымыздың орындалған «Мәңгілік Мұратына» айналмасына кім кепіл бола алады. Осы тілектің орындалуы үшін орда бұзып, қамал алу керек деп ойлаймын. Әр жеке тұлға – өз ісін жауапты, әрі нәтижелі орындаса, бұл мұратқа да жетуге болады.

Қазақ жерінің байлығы жеткілікті, тек Елбасы жолдағандай ішкі жалпы өнімді арттыруға атсалысуымыз қажет. Көшбасшымыз шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды да айтып берді. Бірақ, оған зейін қойып отырғандар әлі де аз. Банктеріміздің кәсіпкерлікті жаңадан бастағысы келетіндерді емес, ежелгі кәсіпкерлерді қолдауы әдетке айналып кеткен.

Төртіншіден:

✓ болашақта қазақ балалары шетелден емес, шетел балалары біздің елден білім алсын десек;

✓ біздің ішкі туризмнің дамуы бірнеше пайыз жетістікті көрсетіп, Алтай мен Атыраудың арасындағы қазақ жерінің тарихи-мәдени орындарын туристер аралап жүрсін десек;

✓ мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің мәртебесі асқақтасын десек; қазақ балаларының дипозиттік қорында дүниеге келген сәтінен қызметке орналасқанша жеткілікті мөлшерде қаржы болсын десек;

✓ денсаулық сақтау бойынша әлемдегі алдыңғы қатардағы орыннан көрінсек десек;

✓ зейнеткерлеріміз қазақ жерінің болашақтағы ең керемет туристік орындарында еркін демалсын десек;

✓ халқымыздың тұрмыстық деңгейі жоғарылап, санымыз арта түсін деген тілекті орындағымыз келсе, осы күннен бастап ұрпағымыздың таза заманауи білім алуына, ұлттық тәрбиесі мен елжандылық қасиетінің сақталуына назар аударуымыз қажет деп ойлаймын.

«Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары, Қазақстан 2050 стратегиясының түпқазығы етіп алдым. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру аса қиын екенін барлығымыз білеміз. Бұл әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан кешкен тарихи шындығы. Өзара алауыздықпен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын

құрдымға жібергенін-де білеміз. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама? Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуіміз керек. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – «Мәңгілік ел» біздің өзіміздің қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек. «Қазақстан 2050» мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын. Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын. Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін елдігіміз мәңгілік!», - деп Елбасы өз тәуелсіздігімізді сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды атап, өз Жолдауын аяқтайды. [4]

«Аянбай еңбек ету», «Хақ жолында адал болу», «Жетімдер мен жесірлерді жылатпау», «Зейнеткерлер мен мүгедек жандарға қамқор болу» секілді күнделікті айтып жүрген ұрандарды ақиқатқа, орындалған іске айналдыруымыз тиіс. Міне, сонда ғана «Қазақ Елі Мәңгілік Мұратын» бастап, ұрпағына осы дәстүрді жалғастыруды табыстап отыратыны сөзсіз.

Ең бастысы тәуелсіздігіміз тұрақты, еліміз тыныш, халқымыз аман, бейбітшілігіміз баянды, ұрпағымыз білімді болсын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы, — Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013. — 108 бет.
2. В чем значение формулы «Казахстан - Мәңгілік Ел»? //altyn-orda.kz/v-chemznachenie
3. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»
4. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылдың 17 қаңтарындағы Қазақстан халқына кезекті жолдауы

Нуртазин Д.М.
магистрант специальности «Политология»
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
г. Астана, Казахстан

(Научный руководитель: к. полит. н., профессор Нечаева Е.Л.)

РИСКИ, УГРОЗЫ, СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ПОЛИТИЧЕСКОГО ХАКТИВИЗМА И КИБЕРТЕРРОРИЗМА

Об угрозе кибертерроризма и важности развития информационной безопасности в стране, Президент Н.А.Назарбаев отметил в своем послании